

ср. № 51848  
14.08.14

**"ЖӘЙРЕМ КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ" АҚ**

---

---

**"ЖӘЙРЕМ КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ"  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІНЕ  
ӨЗГЕРІС №**

Қарағанды облысы,  
Жәйрем к.

"Жәйрем кен байыту комбинаты" Акционерлік қоғамының акциялар шығарылымының проспектісіне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

- 1) Проспектінің 12-1 т. 2 Тарауында (Қоғам органдары және құрылтайшылар (акционерлер) келесідей жазылсын:

**"12-1. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері (бар болғанда).**

Ең маңызды мәселелерді талқылауға және директорлар кеңесіне ұсыныстар даярлауға қоғамда келесі мәселелер бойынша директорлар кеңесінің комитеттері құрылды:

Директорлар кеңесі комитетінің атауы	Міндеттері
Стратегиялық жоспарлау комитеті	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоғам директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша борышын және мақсаттарын жетілдіруді әзірлеу;</li> <li>• Қоғамның ішкі және сыртқы жағдайын талдау және бағалау;</li> <li>• Стратегиялық шешімдерді қабылдау үшін қоғам қызметінің бастапқылық бағыттарын анықтауға, жаңа нарықтарға шығу шараларына, және де қоғамды дамытуға қатысты Қоғам директорлар кеңесіне талдау жасау және ұсыныстар беру;</li> <li>• Қоғамды дамыту стратегиясы шегінде қабылданған орнатылған көрсеткіштерге жету негізгі шараларды ұйымдастыру;</li> <li>• Қоғам атқарушы органдарымен қоғамды дамыту стратегиясы шегінде қабылданған, басты көрсеткіштерге жету шараларын жүзеге асыруды бақылау;</li> <li>• Қоғам директорлар кеңесіне қоғамның даму стратегиясының көрсеткіштерін түзетуге байланысты талқылау және қажеттілік кезде ұсыныс жасау;</li> <li>• Қоғам директорлар кеңесіне ұсыныс жасау үшін қоғамды дамыту ықтималды стратегиялық баламаларды қарау;</li> <li>• жұмыс тобын қалыптастыру және жұмыс тобының қызметін үйлестіру;</li> <li>• Қоғам директорлары кеңесінің талаптары бойынша немесе өзінің бастамасы бойынша қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің стратегиялық жоспарлау процессінің басқа сұрақтары бойынша ұсыныстар (тұжырымдар) дайындау.</li> </ul>
Кадрлар және сыйақылар комитеті	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кадрлар саясаты және де басқару құрылымы, уәждеме және сыйақы саясаты саласында келешекті жоспарларын, бағдарламаларын, саясатын және қоғам қызметінің бастапқы бағыттарын, көрсетілген құжаттарға өзгертулерді бекіту,</li> </ul>

	<p>оларды жүзеге асыруды бақылау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоғам басқару орындарына кандидаттарды іріктеу белгілерін анықтау;</li> <li>• Қоғам басқару орындарының мүшелерімен, сондай-ақ қоғам Президентімен және Директорлар кеңесінің Төрағасымен, келісімдердің шарттары бойынша ұсыныстар дайындау;</li> <li>• Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа міндеттерді атқарады.</li> </ul>
Ішкі аудиттың комитеті	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоғамның Тексеру бюросының қызметін реттейтін ішкі нормативті құжаттарды, келешекте Директорлар кеңесімен бекіту үшін, қарастыру және келістіру;</li> <li>• Тексеру бюросының жұмыс жобаларын қарастыру және келістіру;</li> <li>• Тексеру бюросының алдында қойылған мәселелерді тиімді атқаруға қажетті ресурстарды, келешекте Директорлар кеңесімен бекіту үшін, қарастыру және келістіру;</li> <li>• Тексеру бюросының басшысының және жұмыскерлердің лауазымдарына кандидаттарды, Директорлар кеңесімен бекіту үшін, қарастыру және келістіру;</li> <li>• Тексеру бюросының басшысының және жұмыскерлердің лауазымдық қызметтерінің және сыйлықтарының мөлшерін, қарастыру және келістіру;</li> <li>• Тексеру бюросының жұмыскерлерінің оқу және біліктілікті көтеру бағдарламасын қарастыру және бекіту;</li> <li>• Қоғамның ішкі аудитінің қызметіне байланысты барлық сұрақтарды, Тексеру бюросының басшысымен бірге қарастыру;</li> <li>• Директорлар кеңесіне берілетін қаржы ақпараттарының анықтығын және нақтылығын Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін әрдайым бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғының және ішкі нормативті құжаттардың талаптарын қоғам қызметінде орындауды әрдайым бақылауды жүзеге асыру.</li> </ul>
Әлеуметті мәселелер комитеті	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, денсаулық қорғау, социалды жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау саласында қоғам саясатын қарастыру;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоғам қызметінің заңнаманың талаптарына және қоғамда қабылданған еңбек қорғау, денсаулық қорғау, социалды жауапкершілік тәртіптеріне сәйкестігін бақылау;</li> <li>• Келешекте Директорлар кеңесімен мақұлдау үшін, социалды жауапкершілікке қатысты саясаттарын және қызметтерін дайындау және қарастыру;</li> <li>• Социалды жауапкершілік саласындағы маңызды тәуекелдерді және көрсетілген тәуекелдердің жағымсыз нәтижелерін азайту жобаларын қарастыру;</li> <li>• Қоғамның социалды нұсқаларда қатысуға байланысты ұсыныстар беру;</li> <li>• Қоғамның социалды нұсқаларды мен бағдарламаларды жылжыту және олар туралы инвесторларға, реттеу органдарға, мемлекет өкілдеріне, бұқаралық ақпарат құралдарына және басқа қоғамдастықтарға хабарлау;</li> <li>• Қоғамның ішкі құжаттарын дайындау туралы ұсыныстар жасау.</li> </ul>
--	--

2) Проспектінің 16 т. 2 Тарауында (Қоғам органдары және құрылтайшылар (акционерлер) келесідей жазылсын:

**"16. Акционерлік қоғамның алқалық (дербес) атқарушы органы.**

Қоғамның орналастырылған акцияларының ондаған және одан да жоғары пайызын иеленетін акционерлер:

Атауы	Орналасқан жері	Акция мөлшері және түрі	Дауыс беруші акциялардың пайыздық қатынасы	Акционердің қоғамның орналастырылған акцияларының ондаған және одан да жоғары пайызын иеленген мерзімі
ENRC N.V.	Jan Luijkenstraat 8, 1071 CM Amsterdam (Амстердам, Нидерландия Корольдығы)	Қарапайым акция 3 783 460 дана Артықшылықты акция 3 602 дана	99,8395%	19.12.2006ж.

2014 жылдың 05 тамызында жағдай бойынша ENRC N.V. тиесілі Қоғамның 3 783 460 жай акциялары және Қоғамның 3 602 артықшылықты акциялары Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 30а мекен жайында орналасқан «ENRC Kazakhstan» ЖШС (И-ЭН-АР-СИ Қазақстан) сенімді басқаруында.

**ENRC N.V. ірі акционерлері жөніндегі мағлұматтар**

ENRC N.V. Компаниясының 100% акциясы Eurasian Natural Resources Corporation limited компаниясына тиесілі.

Eurasian Natural Resources Corporation limited Компаниясының 99.81 % акциясы Eurasian Resources Group BV компаниясына тиесілі.

**Eurasian Resources Group BV компаниясының акционерлері болып келесілер табылады:**

П.К. Шодиев мырза - үлесі 20,7%

А.Р. Ибрагимов мырза - үлесі 18,6%

А.А. Машкевич мырза - үлесі 20,7%

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі - үлесі 40,0%

3) Проспектінің 17 т. 2 Тарауында (Қоғам органдары және құрылтайшылар (акционерлер) келесідей жазылсын:

"17. Қоғам ірі акционер болып табылатын немесе оның жарғылық капиталында ондаған және одан да жоғары пайыздық үлесті иеленетін ұйым жөніндегі ақпарат. 2014 жылдың 05 тамызында жағдай бойынша қоғам ірі акционер болып табылмайды және ұйымның жарғылық капиталында ондаған және одан да жоғары пайыздық үлесті иеленбейді".

Президент

Бас есепші



Б.С. Мұхаметқалиев

З.М. Орымбекова